

Жобалау-сметалық құжаттаманы республикалық меншіктен Ақмола облысының коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 9 қарашадағы № 730 қаулысы.

"Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 616 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Щучье-Бурабай курорттық аймағының (Щучье, Бурабай, Қарасу көлдері) су қоймаларын тазалау және санациялау" инвестициялық жобасының жобалау-сметалық құжаттамасын республикалық меншіктен Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің балансынан Ақмола облысының коммуналдық меншігіне беру туралы Ақмола облысы әкімінің ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігімен және Ақмола облысының әкімдігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген мүлікті қабылдау-беру жөніндегі қажетті іс-шараларды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б.Сағынтаев